

## Көкпекті ауданы Куйбышев селолық округінің атауын өзгерту туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2006 жылғы 24 қарашадағы N 819 қаулысы және Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2006 жылғы 5 желтоқсандағы N 20/325-III шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2006 жылғы 21 желтоқсанда N 2438 тіркелді

«"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 6-бабының 1-тармағының 4) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 11-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Көкпекті аудандық мәслихатының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 11-6 және әкімдігінің 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 709 бірлескен шешімі мен қаулысы негізінде Шығыс Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ** және Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті ауданы Куйбышев селолық округі Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті ауданы Қойгелді Аухадиев атындағы селолық округіне қайта аталсын.

2. Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2005 жылғы 31 мамырдағы N 11/164-III шешімі және Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2005 жылғы 20 мамырдағы N 200 қаулысы жойылсын.

3. Осы шешім мен қаулы 2005 жылғы 31 мамырдан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Облыс әкімі*

*О б л ы с т ы қ                      м ә с л и х а т т ы ң*

*хатшысы*